

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 23 қарашадағы № 101 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 қарашада № 30738 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы мыналарды:

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші және елу алтыншы абзацтарын,

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының алпыс үшінші, алпыс төртінші, алпыс бесінші, алпыс алтыншы, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс бірінші, жетпіс екінші, жетпіс үшінші, жетпіс төртінші, жетпіс бесінші, жетпіс алтыншы және жетпіс жетінші абзацтарын,

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші және елу бесінші абзацтарын,

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының қырық жетінші және қырық сегізінші абзацтарын,

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 4-тармағының он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2022 жылғы 23 қарашадағы
№ 101 Қаулыға
қосымша

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4860 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарда:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) сәйкес әзірленді және ақпараттық процеске, қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға және электрондық жабдыққа қойылатын ең төменгі талаптарды белгілеуге, сақтандыру бойынша бірыңғай деректер базасының (бұдан әрі- дерекқор) сақталуына және үй-жайларға қойылатын талаптарды қоса алғанда, деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның (бұдан әрі - Ұйым) қызметіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Талаптарға сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Талаптарда Сақтандыру қызметі туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін басқарушы (бұдан әрі – басқарушы) – Ұйымның және дерекқорды пайдаланушының электронды деректерді алу және (немесе) беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, оларды қорғау шараларын іске асыратын, келіп түскен және (немесе) беріліп отырған ақпаратты оның функциялары мен өкілеттігін ескере отырып генерациялауды қамтамасыз ететін қызметкері;

2) ақпараттық қауіпсіздік саясаты – шектеулі таратылатын ақпаратты басқаруды, қорғауды және бөлуді реттейтін нормалар және практикалық тәсілдер;

3) бірдейлендіру – ұсынылған деректемелердің жүйеде бар деректемелермен сәйкес келуін айқындау арқылы кіру субъектісі мен объектісінің түпнұсқалығын растау;

4) дерекқорды пайдаланушы – Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарына сәйкес сақтандыру есептерін ақпарат жүйесінде қалыптастыруға және пайдалануға қатысушы, Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағында көрсетілген ақпаратты жеткізушілер және Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 4-тармағының 3) және 3-1) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру есебін алушылар;

5) жауапты тұлға – ақпаратты қорғау құралдарын санкцияланбаған кіруден қорғауды және бақылауды қамтамасыз ететін Ұйымның және дерекқорды пайдаланушының қызметкері;

6) зиянды бағдарламалық қамтамасыз ету (компьютерлік вирустар, желілік зиянкестер және осыған ұқсас бағдарламалық қамтамасыз етулер) – өз көшірмесін жасау қабілеті бар (ішінара немесе түпнұсқамен толық түрде дәл келетін) және оларды деректер базасын пайдаланушының сұрауынсыз компьютер жүйесінің, желілердің әр түрлі объектілеріне және (немесе) ресурстарына енгізу қабілеті бар орындалатын код жиынтығы;

7) нақты уақыт режимі – сақтандыру шарты жасалған күннен кейінгі күні Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 16.00 дейін келіп түсуді, ақпаратты өңдеуді

және айырбастауды қамтамасыз ететін, сақтандыру есептерін қалыптастыру мен пайдаланудың ақпараттық жүйесінің жұмыс режимі;

8) негізгі ақпарат – криптографиялық кілттер және электрондық цифрлық қолтаңба кілттері;

9) оператор – қорғаныс жүйесін пайдалану арқылы хабарламаларды қабылдау, жинау, өңдеу, беру және қабылдауды тікелей жүзеге асыратын дерекқорды пайдаланушы қызметкер;

10) сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесі – Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағында көрсетілгендей ақпаратты жеткізуші Ұйым іске асыруға арналған ақпаратты жеткізушілердің, ақпараттық процестердің сақтандыру есептерін алушылардың (дерекқор субъектісін қоспағанда) олардың бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық технологияларының, ақпараттық желілерінің құрал-жабдықтарының жиынтығы;

11) сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесін қорғау жөніндегі шаралар – сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар, оның ішінде белгіленген бағдарламалық қамтамасыз етуге кіруге бақылауды және тіркелген пайдаланушылардың өкілеттігін шектемейтін құралдарды беруді қамтамасыз ететін санкцияланбаған кіруден электронды құралдар мен компьютерлерді қорғайтын бағдарламалық-аппараттық қорғаныс;

12) сақтандырушы – уәкілетті органның тиісті лицензиясының негізінде сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы;

13) сәйкестендіруші – бірегей дербес код және (немесе) жүйенің субъектісіне және (немесе) объектісіне берілген және жүйеге және (немесе) жүйе ресурстарына ретпен кіруге арналған есім;

14) сәйкестендіру – жүйеде бар сәйкестендірушілер тізбесінің жүйеге және (немесе) сәйкестендіруші жүйесінің ресурсына кіруге рұқсат алу үшін жасалған иелену немесе сәйкестікті белгілеу процесі;

15) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпаратты жеткізушілер және кредиттік есепті қабылдаушылар ("Сақтандыру қызметі туралы" Заңның 80-бабының 4-тармағының 1), 1-1), 2), 2-1), 4), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда) ұйымдастыру, технологиялық талаптардың Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру және ақпараттандыру туралы заңнамасында белгіленген, сондай-ақ Ұйыммен жасалған

ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы жасалған шарттардан туындайтын талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.";

2-1-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру есептерін қалыптастыру үшін Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көрсетілген Ұйымның және ақпаратты жеткізушінің арасында ақпаратты ұсыну және (немесе) сақтандыру есептерін алу шарты жасалады.

Ақпаратты ұсыну және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар Сақтандыру қызметі туралы заңның 83-бабында белгіленеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 4-тармағында көрсетілген сақтандыру есебін алушылардан қағаз тасымалдағышта сақтандыру есебін ұсыну туралы сұрату түскен жағдайда Ұйым мұндай алушыларға сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде есепті ұсынады.

Сақтандыру есебін Сақтандыру қызметі туралы Заңның 80-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға ұсыну Сақтандыру қызметі туралы Заңның 80-бабының 6-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

10-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат жеткізуші Ұйымға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6164 болып тіркелген, "Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысымен көзделген мәліметтерді міндетті сақтандыру түрлері бойынша - нақты уақыт режимінде , ерікті сақтандыру түрлері бойынша – есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Ұйымға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және

ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысында көзделген мәліметтерді міндетті сақтандыру түрлері бойынша нақты уақыт режимінде және ерікті сақтандыру түрлері бойынша есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.";

11-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіретін (алып кіргізілетін) автокөлік құралдары бойынша мынадай мәліметтерді нақты уақыт режимінде ұсынады:

- 1) сақтандыру шартының түрі (стандартты, кешенді);
- 2) сақтандыру шартының Ұйым берген бірегей нөмірі;
- 3) сақтандыру полисінің қолданыс мерзімі;
- 4) өтініш беруші туралы мәліметтер:
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні, тұрғылықты жері (жеке тұлға үшін);
жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, берілген күні, жүргізу стажы (жеке тұлға үшін);
атауы, орналасқан орны (заңды тұлға үшін);
резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті);
- 5) автокөлік құралы туралы мәліметтер:
көлік құралының алып кіргізу мерзіміне тіркелгенін растайтын құжат;

"Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Міндетті сақтандыру туралы Заң) сәйкес көлік құралының типі;

шығарылған жылы;
шанағының нөмірі;

- б) сақтандырылушы (сақтандырылушылар) туралы мәліметтер:
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты жері;
жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, берілген күні, жүргізу стажы.";
- мынадай мазмұндағы 11-2 және 11-3-тармақтармен толықтырылсын:

"11-2. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1-1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Ұйымға ақпарат ұсыну туралы Ұйыммен жасалған шарт негізінде сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне енгізілген сақтандырудың кепілдік берілген сыныптары (түрлері) шеңберінде мәліметтер ұсынады.

11-3. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1-2) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Ұйымға "Қазақстан Республикасында

зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде жасалған зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша мәліметтерді ұсынады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ұйым көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына бірегей нөмірді мынадай тәртіппен береді:

1) сақтанушының көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауға арналған өтініші негізінде сақтандырушының сақтанушы (сақтандырылушы), көлік құралы (көлік құралдары) туралы мәліметтерді енгізуі;

2) дерекқорда сақтандыру полисіне енгізу үшін қажетті мәліметтер бар сақтандыру есебін қалыптастыру;

3) сақтандыру полисіне сақтандыру полисінің нөмірі болып табылатын бірегей нөмір беру.";

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Ұйым жасалған міндетті (көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды қоспағанда), ерікті сақтандыру шартына дерекқорда бірегей нөмір береді.";

мынадай мазмұндағы 45-1-тармақпен толықтырылсын:

"45-1. Ұйым өзі орналасқан елді мекеннің шегінен тыс орналасқан бірыңғай сақтандыру дерекқорының субъектілері туралы ақпараттың көшірмелерін сақтау үшін резервтік сервердің болуын қамтамасыз етеді.".

2. "Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6164 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті

жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарда:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) сақтандыру оқиғасы – нәтижесінде сақтандыру объектісіне немесе үшінші тұлғаға зиян келтірілген және кейіннен сақтандыру жағдайы болып танылуы мүмкін оқиға;

2) тапсырма шарты – тараптар арасында жазбаша нысанда жасалатын шарт, оған сәйкес бір тарап (сақтандыру агенті) осы Талаптарда көзделген өкілеттіктері шегінде сыйақы үшін басқа тараптың (сақтандыру ұйымының) атынан және оның тапсыруымен ерікті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жасауға міндеттенеді.

3. Сақтандыру ұйымының немесе сақтандыру агентінің сақтанушымен (сақтандырудың ерікті түрлері бойынша) сақтандыру шартын жасау процесін ұйымдастыру мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) сақтандыру ережелерімен танысу және сақтандыру шартының мынадай талаптары жөнінде шынайы және толық ақпарат беру:

сақтандыру тарифтері мен сақтандыру сомаларының мөлшері;

сақтандыру сыйлықақыларын төлеу мерзімі;

сақтандыру шартының күшіне ену мерзімі;

сақтандыру оқиғалары, оның ішінде сақтандыру жағдайларының түрлерін және сақтандыру оқиғасының және (немесе) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлау тәртібін сипаттау;

сақтанушының, оның ішінде сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталған кездегі құқықтары мен міндеттері;

шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі;

сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату салдары;

жеңілдік берілетін тұлғалардың тізбесі көрсетілген жеңілдіктердің болуы;

сақтандыру түріне тән өзге де маңызды талаптар;

2) егер сақтандыру шарты қосылу шарты нысанында жасалса – сақтандыру қағидаларының көшірмесін қағаз тасымалдағышта беру не сақтанушыға сақтандыру қағидаларының электрондық (сканерленген) көшірмесін немесе сақтандыру ұйымының интернет-ресурсындағы немесе сақтандыру ұйымы әріптесінің интернет-ресурсындағы сақтандыру қағидаларының жарияланымына сілтемелерді жіберу (сақтанушының таңдауы бойынша);

3) сақтандыру шартын жасасуға қажетті ақпарат пен құжаттарды (құжаттардың көшірмелерін) алу;

4) сақтандыру шартын жасасуға негіз болатын (сақтандыру қағидаларында немесе " Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Туристі міндетті сақтандыру туралы", "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы", "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында талаптар болған кезде (бұдан әрі - міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілері), оның ішінде сақтанушыны сақтандыру талаптарымен таныстыру туралы белгіні қамтитын өтінішті толтыру;

5) сақтандыру объектісін қарау және (немесе) бағалау, оның ішінде оны жүргізу үшін мамандарды тарта отырып (қажет болғанда) бағалау (жеке сақтандыру шарттары бойынша медициналық куәландыру). Сақтандыру объектісін қарау кезінде сақтандырушының ішкі құжаттарында көзделген нысан бойынша тиісті акт жасалады;

6) сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыру өтемінің талаптарын анықтау;

7) сақтандыру ұйымының ішкі қағидаларында белгіленген мерзімде тәуекел дәрежесін бағалау үшін сақтандыру объектісіне қатысты сақтанушы хабарлаған мәліметтер мен құжаттарды тексеруді жүзеге асыру арқылы түрлері, талаптары мен тәртібі міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленетін міндетті сақтандыру шарттарын қоспағанда, сақтандыру шартын жасасу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау;

8) сақтандыру объектісі және сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру тарифін анықтау;

9) сақтандыру сомасын келісу және сақтандыру сыйлықақыларын есептеу;

10) сақтанушының:

фискальді чекті ала отырып, сақтандырушының кассасына;

сақтандыру сыйлықақысын төлеу туралы растайтын құжатты ала отырып сақтандыру агенті-жеке тұлғаға;

фискальді чекті ала отырып сақтандыру агенті-заңды тұлғаға;

қолма-қол ақшасыз төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы);

11) сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, сақтандыру агенті туралы ақпаратты

көрсетумен сақтандыру полисін ресімдеу (қосылу шартын жасасу) не жеке сақтандыру шартын жасасу;

12) сақтандыру ұйымының талдамалық есебінде және бағдарламалық қамтылымында Талаптарға 1-қосымшада көзделген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты туралы ақпаратты көрсету.

Сақтандыру ұйымы аталған ақпаратты алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ақпаратты енгізуді қамтамасыз етеді.

Сақтанушымен сақтандыру шарты сақтандыру ұйымы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген клиентті тиісінше тексеру бойынша шараларды сақтандыру ұйымы қабылдағаннан кейін жасалады. Сақтандыру ұйымы тапсыру шарттары жасалған сақтандыру агенттерінің клиентті тиісінше тексеру бойынша талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Сақтандыру агентімен тапсырма шартын жасасқаннан кейін сақтандыру ұйымы:

1) сақтандыру агенті туралы ақпаратты Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру ұйымының жауапты қызметкері жүргізуді жүзеге асыратын сақтандыру агенттерінің тізіліміне электрондық нысанда кіргізеді;

2) тапсырма шартын жасасқан күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттің қатысуымен дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру агенттерінің тізіліміне енгізілген сақтандыру агенті туралы ақпаратты электрондық нысанда жібереді;

3) сақтандыру агентін сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасы бойынша, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимылдар мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

4) Заңның 18-1-бабы 2-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес сақтандыру агенттері тізіліміне енгізілгеннен кейін кемінде үш жылда бір рет сақтандыру агентінің кәсіби қайта даярлаудан өтуін ұйымдастырады.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру агентімен тапсырма шартын бұзу кезінде тапсырма шартын бұзған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттің қатысуымен дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға тиісті ақпаратты электрондық нысанда жібереді.";

8-1-мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1. Сақтандыру ұйымы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру агенттерінің тізілімін жүргізеді.

Сақтандыру агенттерінің тізілімі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган)

уәкілетті органның талабы бойынша оның сұратуында көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуға жатады.

Заңды тұлға болып табылатын сақтандыру агенті Талаптарға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лауазымдық міндеттеріне сақтандыру шарттарын жасасу кіретін қызметкерлердің тізімін жүргізеді.

Сақтандыру ұйымы мемлекеттің қатысуымен дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымдағы сақтандыру агенттері тізілімінің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 9-2-тармақпен толықтырылсын:

"9-2. Қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агентін қоспағанда, сақтандыру агенті Заңның 18-бабының 1-1-тармағына сәйкес үшінші тұлғалар алдында өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың қолданыстағы шарты болған кезде сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асырады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сақтандыру агенті өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін сақтандыру ұйымы оған мынадай ақпарат пен құжаттарды ұсынады:

1) сақтандыру түрлері (сыныптары) бойынша сақтандыру шарттарының (сақтандыру полистерінің) бланкілері не нысандары, олардың шеңберінде сақтандыру агенті шартта белгіленген өкілеттіктеріне сәйкес сақтандыру шарттарын жасау құқығына ие болады;

2) сақтандыру ережелерінің көшірмелері;

3) сақтандырудың ерікті түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның көшірмесі;

4) сақтандыру түрлері (сыныптары) бойынша сақтандыру тарифтері туралы ақпарат ;

5) сақтанушының танысуына қажетті өзге де құжаттар мен ақпарат.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Заңды тұлғалар – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында, сақтандыру брокерлерінде және сақтандыру агенттерінде, жеке тұлғалар – актуарийлердегі және сақтандыру агенттеріндегі құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау тәртібі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14309 болып тіркелген "Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарды сақтау қағидаларын және Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарының тізбелерін және оларды сақтау мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 171 қаулысына сәйкес айқындалады.

Сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарды сақтауы қағаз және (немесе) электрондық нысанда жүзеге асырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Сақтандыру агенттері өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін сақтандыру полистерінің бланкілерін пайдаланған кезде сақтандыру агентінің қызметі туралы есепті ол сақтандыру ұйымына Талаптардың 4-қосымшасында көзделген нысанға сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, мынадай кезеңділікпен ұсынады:

күн сайын - астанада және республикалық маңызы бар қалаларда делдалдық қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенті үшін;

апта сайын - басқа да елді мекендерде делдалдық қызметті жүзеге асыратын сақтандыру агенті үшін.";

21, 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы ("жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру ұйымдары үшін) Талаптарға 5-қосымшада көзделген, сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы ("өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру ұйымы үшін) Талаптарға 6-қосымшада көзделген. Сақтандыру ұйымы, қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агенті немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің бірлестігі өз қалауынша сақтандыру агенттерін оқыту бағдарламасын делдалдық қызмет мәселелеріне қатысты қосымша пәндермен толықтырады.

22. Заңның 18-1-бабының 4-тармағына сәйкес уәкілетті орган белгілеген сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасына қатысу үшін сақтандыру ұйымының атынан және оның тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасасу бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыруға ниет білдірген өтініш беруші (бұдан әрі - өтініш беруші) сақтандыру ұйымына, қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агентіне немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің бірлестігіне еркін нысанда өтініш береді.

23. Өтініш берушілердің сақтандыру ұйымы не қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агенті өз қызметкерлерін сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы бойынша өз бетінше оқытуды аяқтағаннан кейін өтініш берушілердің тізімін сақтандыру ұйымы, қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агенті сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасын білуге емтихан өткізу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің бірлестігіне жібереді.";

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігі өтініш берушілер оқуды аяқтаған не сақтандыру агенттерін оқыту

бағдарламасы өтініш берушілерінің тізімін алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасын білуге емтихан өткізеді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Емтихан тізбесін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігі дайындайтын мәселелер бойынша тестілеу нысанында өткізіледі және оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігінің бірінші басшысы, ол болмаған кезінде оның орынбасары бекітеді.

Емтиханды өткізу тәртібі мен рәсімі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігінің ішкі құжаттарында белгіленеді.";

26, 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Емтихан нәтижесімен келіспеген жағдайда өтініш беруші тестілеу рәсімін аяқтағаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігіне апелляциялық шағыммен жазбаша өтініш білдіреді.

Өтініш берушінің апелляциялық шағымын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігінің Апелляциялық комиссиясы қарайды.

27. Емтиханнан өткеннен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің бірлестігі өтініш берушіге Талаптардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша емтиханның жиынтық нәтижелерін көрсете отырып, сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы бойынша емтихан тапсырғанын растайтын сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы бойынша емтиханнан өткені туралы куәлік беруді қамтамасыз етеді.";

28-тармақ алып тасталсын;

7-қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13460 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптарды және Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы";
кіріспе және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулаға 1-қосымшаға сәйкес Мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидалары.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидалары Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда 2-қосымшамен толықтырылсын.

4. "Сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 259 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17825 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру

төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидалары";

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және сақтандыру ұйымдары таратылған, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі – сақтандыру нарығының қатысушылары) қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының сақтанушыларға (

сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін белгілейді.

2. Сақтандыру нарығы қатысушыларының өз қызметі туралы ақпаратты сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) және сақтандыру шартын жасасуға және (немесе) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру оқиғасын реттеуге ниет білдірген адамдардың назарына жедел жеткізу интернет-ресурсты пайдаланудың мақсаты болып табылады.

3. Сақтандыру нарығының қатысушылары интернет-ресурста ақпаратты орналастыру кезінде:

1) сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) және сақтандыру шартын жасасуға және (немесе) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру оқиғасын реттеуге ниет білдірген адамдардың, көзделмеген техникалық іркіліс жағдайларын қоспағанда, шектеусіз, ақпаратпен танысу және (немесе) өзге де тиімді пайдалану мақсатында сақтандыру нарығы қатысушысының интернет-ресурсында тәулік бойы онлайн-қолжетімділігін;

2) сақтандыру нарығы қатысушының интернет-ресурсында объективті, толық және дәйекті ақпарат беруді;

3) ақпаратты жоюдан, түрлендіруден және оған қолжетімділікті бұғаттаудан, сондай-ақ осындай ақпаратқа қатысты заңсыз іс-қимылдардан қорғау мақсатында ақпараттық қауіпсіздікті;

4) электрондық форматта орналастырылған құжатты сақтау және сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) және сақтандыру шартын жасасуға және (немесе) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру оқиғасын реттеуге ниет білдірген адамдардың техникалық құралдарында одан мәтіннің еркін түрдегі үзіндісінің көшірмесін жасау мүмкіндігін;

5) интернет-ресурстың басты бетінен бастап гиперсілтемелер (оған сілтеме жасалған ақпаратты көрсете отырып) бойынша бірте-бірте өту арқылы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.";

қосымша Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының
сақтандыру нарығын реттеу
және дамыту мәселелері
бойынша өзгерістер және
толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша

Сақтандыру ұйымының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- сақтандыру ұйымы
филиалының сақтандыру

қызметін, оның ішінде
сақтандыру нарығына
қатысушылармен өзара
қарым-қатынастарда
жүзеге асыруға, сақтандыру
ұйымы мен сақтандыру агенті
арасында жасалатын тапсырма
шартына және сақтандыру
агентінің сақтандыру нарығында
сақтандыру қызметін жүзеге
асыруға өкілеттіктерге,
сондай-ақ сақтандыру агенттерін және
сақтандыру агенттерін
оқытудың минималды
бағдарламаларына және
оқытуды өткізу тәртібіне
қойылатын талаптарға
7-қосымша

Сақтандыру агенттерін оқытудың ең төменгі бағдарламасы бойынша емтиханнан өткені туралы № _____ куәлік

— Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің бірлестіктерінің атауы
Берілді: _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)
Емтиханның жиынтық нәтижесі _____

— Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің бірлестіктерінің басшысы

— қолы _____ берілген күні _____

Қазақстан Республикасының
сақтандыру нарығын реттеу
және дамыту мәселелері
бойынша өзгерістер және
толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

Мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес әзірленді және көлік құралына (бұдан әрі - КҚ) келтірілген зиянның мөлшерін айқындау кезінде сақтандырушы пайдаланатын мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға (бұдан әрі - МБҚ) қойылатын талаптарды айқындайды.

2-тарау. Мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын негізгі талаптар

2. Сақтандырушы МБҚ-ны сақтандырушының үлестес тұлғасы болып табылмайтын МБҚ-ның құқық иеленушісі қол қойған лицензиялық шарт негізінде пайдаланады.

3. МБҚ-да КҚ қалпына келтіру жөндеу құнының калькуляциясы (есебі) Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген әдістемеге және сақтандыру омбудсманының интернет-ресурсында орналастырылатын, КҚ иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ерекшеліктерін ескере отырып, пайдаланылатын әдістеменің жекелеген ережелерін қолдану жөніндегі сақтандыру омбудсманының шешімдеріне сәйкес жасалады.

4. МБҚ КҚ қалпына келтіру жөндеуінің құнын есептеу үшін жұмыстардың еңбек сыйымдылығының нормативтері туралы калькуляция жасау сәтінде КҚ дайындаушы кәсіпорындарынан және уәкілеттік өндіруші зауыт берген ұйымдардан өзекті және шынайы ақпаратты пайдаланады және КҚ өндіруші құрастырған КҚ нақты маркасы (моделі, түрлендірулері) үшін бөлшектердің каталогтық нөмірлері мен қосалқы бөлшектердің каталогтарынан тұрады.

5. МБҚ қамтамасыз етеді:

1) калькуляцияны құрайтын пайдаланушыны және калькуляцияны бекіткен тұлғаны сәйкестендіру;

2) калькуляцияға кез келген өзгеріс енгізетін тұлғаны, сондай-ақ өзгерістерді енгізу күнін, уақытын сәйкестендіру;

3) есептеу жүргізілген сәттен бастап 3 жыл ішінде калькуляцияны сақтау, сондай-ақ редакциялау және калькуляцияға енгізілген өзгерістердің хронологиясын 1 жыл бойы сақтау;

4) калькуляцияда пайдаланушы лицензиясының нөмірін жасау сәтіндегі оның қолданылуын растай отырып көрсету;

5) электрондық форматтағы калькуляцияны шығару және калькуляцияны сақтандыру ұйымының ақпараттық базасына беру;

6) дерекқорды автоматты түрде жаңаруды;

7) Қазақстан Республикасының нарығында ұсынылған және бөлшектерді (материалдарды) өткізуге мамандандырылған интернет желісіндегі сыртқы көздерден алынған ақпарат негізінде бөлшектердің (материалдардың) нарықтық құнын айқындау мүмкіндігі;

8) калькуляцияны құрастырған тұлға бөлшектің (материалдың) бағасын көрсеткені туралы белгі қою;

9) МБҚ серверіндегі ақпараттың Талаптардың 5-тармағының 3) тармақшасында белгіленген мерзім ішінде сақталуы.

Қазақстан Республикасының
сақтандыру нарығын реттеу
және дамыту мәселелері
бойынша өзгерістер және
толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 14 қаулысына
2- қосымша

Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленді және көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін анықтау тәртібін айқындайды.

2-тарау. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау тәртібі

2. Көлік құралына келтірілген зиян мөлшерін есептеуді (бұдан әрі – зиян мөлшерін есептеу) сақтандырушы немесе бағалаушы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш негізінде лицензияланған мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды (бұдан әрі-МБҚ) қолдана отырып жүзеге асырады.

Жасырын ақаулар болған кезде көлік құралына қосымша тексеру жүргізу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, мүлікке келтірілген зиянның

мөлшерін айқындау туралы өтініш негізінде де жүзеге асырылады. Бұл ретте бүлінген көлік құралын қарап-тексеруді сақтандырушы жүзеге асырады және Қағидаларға 2-қосымшада көзделген мәліметтерді қамтитын қарап-тексеру актісін жасау арқылы ресімделеді. Жасырын ақаулар болған кезде зиян мөлшерінің есебін түзету зиян мөлшері туралы есепке толықтыру түрінде ресімделеді.

Көлік құралына зиян келтірілген зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілі ол немесе сақтанушы (сақтандырылушы) Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш берген күннен бастап зақымданған мүлікті ол көлік оқиғасынан кейін болған жағдайда сақтайды және сақтандырушыға зиянның мөлшерін есептеуге мүмкіндік береді.

3. Сақтандырушының қарап тексеру және қарап тексеру актісін жасау, мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау мерзімдері Заңның 22-бабының 3-тармағымен реттеледі.

Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін есептеу рәсімі аяқталғаннан кейін сақтандырушы зиянның мөлшері туралы есепті зардап шегушіге (пайда алушыға) немесе олардың өкілдеріне танысу үшін ұсынады.

Зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілі зиянның мөлшері туралы есепті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде алған есепте зиянның мөлшеріне жүргізілген есептің нәтижелерімен келісетіні не келіспейтіні туралы белгіні көрсетеді. Зардап шегушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілінің сұратуы бойынша сақтандырушы зиянның мөлшері туралы есепке қосымша түсіндірме береді.

Зиянның мөлшері туралы есепті сақтандырушы жасайды және МБҚ-да қалыптастырылатын көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау калькуляциясын қамтиды. Зиян мөлшері туралы есепті ресімдеу Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Сақтандырушы зардап шеккен көлік құралын тексерген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде зардап шегушіге (пайда алушыға) немесе олардың өкіліне зиян мөлшері туралы есеп бермеген жағдайда, зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілі Заңның 22-бабының 3-1-тармағына сәйкес анықталған мөлшерде сақтандыру төлемін алады.

4. Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көзделген көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау тәртібі сақтандырушы қызмет көрсету туралы шарт негізінде тартқан бағалаушыға да қатысты қолданылады.

5. Зардап шегушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің зиянның мөлшерін есептеу нәтижелерін даулауы Заңның 29-1-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Келтірілген зиянның мөлшерін есептеуді ұйымдастыруға мынадай кезеңдер кіреді:

1) сақтанушымен (сақтандырылушымен) не зардап шегушімен (пайда алушымен) немесе олардың өкілдерімен және сақтандырушымен келісім бойынша зақымданған көлік құралын қарап-тексеру орны мен уақытын айқындау;

2) зақымданған көлік құралын қарап-тексеру және қарап-тексеру актісін жасау;

3) МБҚ-ны пайдаланып, зақымданған көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерінің есебін жасау.

7. Көлік құралын қарап-тексеру мүмкін болған жағдайда, жүзеге асырылады:

көлік құралына кедергісіз қол жеткізу;

көлік құралын сәйкестендіру;

одометр көрсеткіші бойынша көлік құралы жүру жолының шамасын белгілеу;

көлік құралының жинақтылығы мен жинақталуын, қосымша жабдықтың болуын анықтау;

осы нақты жол-көлік оқиғасынан туындаған ақаулар мен зақымданулардың тізбесі мен көлемін анықтау;

белгіленген талаптарға сәйкес зақымдануларды фото суретке түсіру;

осы көлік құралына бұрын жүргізілген жөндеу белгілерін анықтау, агрегаттарды, тораптарды және қымбат тұратын жинақтаушы бұйымдарын ауыстыру (көлік құралын бөлшектемей).

Көлік құралын қалпына келтіру үшін жөндеу құнын айқындау кезінде тексеру осы жол-көлік оқиғасында зақымданғанын растайтын құжаттар болған кезде жүргізіледі.

Зақымданған көлік құралын қарап-тексеру нәтижелерін сақтандырушы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған, қарап тексеру актісінде тіркейді.

Тексеру актісіне қосымша ақпарат көздері зақымдалған көлік құралының фотоматериалдары болып табылады.

8. Зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдерінің келісімі бойынша сақтандырушы сақтандыру төлемінің есебіне зақымданған көлік құралын жөндеу ақысын ұйымдастырады және жүзеге асырады.

9. Егер көлік құралы техникалық тұрғыдан алғанда қалпына келтіруге мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан алғанда орынды болмаса, ол жойылған болып саналады. Егер көлік құралын қалпына келтіру үшін күтілетін шығыстар зиян мөлшері туралы есепті қалыптастырған күнгі нарықтық бағасының 80 (сексен) пайызынан асатын болса, көлік құралын қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан алғанда орынсыз болып саналады.

Көлік құралы істен шыққан жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемін зақымданған көлік құралының зиян мөлшері туралы есепті жасаған күнгі нарықтық құны мөлшерінде жүзеге, бұл ретте зардап шегуші (пайда алушы) немесе олардың өкілі зақымданған көлік құралының қалдығын сақтандырушының меншігіне өткізеді не өткізуге жарамды тетіктердің, тораптардың, агрегаттардың, материалдардың құнын шегере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

10. Сақтандырушы көлік құралына келтірілген зиян мөлшерінің калькуляциясын жасау кезінде бөлшекті ауыстыру қажет болған жағдайда тозуды есепке алмай, жаңа бөлшектің нарықтық құнын қолданады. Бұл жағдайда пайда алушы ауыстырылатын бөлшекті сақтандырушының меншігіне береді.

Көлік құралына келтірілген
зиянның мөлшерін
айқындау қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Келіп түскен күні

(жылы, күні, айы)

Кіріс тіркеу нөмірі № _____
Басқарма Төрағасына _____

(Сақтандыру ұйымының атауы)
_____-дан
(заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)),

тұрғылықты жері не атауы _____

орналасқан орны, байланыс деректері),
Электрондық төлем ісінің бірегей нөмірі
Сақтандыру шартының бірегей сәйкестендіргіші

Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш

Мүлікке/көлік құралына (маркасы, моделі), мемлекеттік тіркеу нөмірі (кадастр нөмірі, сәйкестендіру нөмірі) келтірілген зиянның мөлшерін айқындауыңызды сұраймын.

_____ жылғы " _____ " _____ сағат _____ минутта
мына мекенжай бойынша:

—>

(мүліктің/көлік құралының орналасқан жері)

Бүлінген _____

мүлікті (көлік құралын) қарап-тексеруді сұраймын.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

_____.
(телефоны)

Бүлінген мүлікті (көлік құралын) қарап-тексеруді тараптар тексеру уақытын, күнін және орнын алдын ала келісе отырып жүзеге асырады.

(өтініш берушінің қолы) (толтырған күні)

Көлік құралына келтірілген
зиянның мөлшерін

Қарап-тексеру акті

1. Зақымданған көлік құралын қарап-тексеру актісін жүргізу және жасау күні, уақыты.
2. Жеке тұлға көлік құралының иесі туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның толық атауы).
3. Көлік құралын қарап-тексеруге ұсынған адам туралы мәлімет:
 - 3.1. тегі, аты, әкесінің аты;
 - 3.2. ЖСН және жеке куәлігінің нөмірі;
 - 3.3. көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат (көлік құралын тіркеу туралы куәлік).
4. Көлік құралы туралы мәлімет:
 - 4.1. VIN;
 - 4.2. көлік құралының маркасы, моделі;
 - 4.3. көлік құралының мемлекеттік нөмірі;
 - 4.4. көлік құралының шығарылған жылы;
 - 4.5. жүрген жолы;
 - 4.6. қосымша жабдық;
 - 4.7. көлік құралында көрсетілген көлік құралының сәйкестендіру нөмірінің (VIN, ол болмаған кезде шанақ немесе рама нөмірінің) суреті;
 - 4.8. одометр суреті (бар болса).
5. Көлік құралының зақымданған элементтері туралы мәліметтер:
 - 5.1. зақымданған бөлшектердің (тораптардың, агрегаттардың) атауы;
 - 5.2. зақымданған жерінің суреті;
 - 5.3. ықтимал жасырын зақымданулар туралы ақпарат (зақымданулардың болжамды жерін және сипатын көрсете отырып).
6. Көлік құралын қарап-тексеруді жүзеге асырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Көлік құралына келтірілген
зиянның мөлшерін
айқындау қағидаларына
3-қосымша

Көлік құралына келтірілген зиян мөлшері туралы есепті ресімдеу

1. Көлік құралына келтірілген зиян мөлшері туралы есеп мына мәліметтерді қамтиды:
 - 1) титул парағында:
есеп нөмірі;

жасалған күні;

көлік құралының маркасын, моделін және мемлекеттік тіркеу нөмірін көрсету;

объектіні қарап-тексеру күні;

өтініш берушінің (пайда алушының) толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты(бар болса);

зиянның мөлшерін анықтайтын сақтандырушы туралы мәліметтер: толық атауы, БСН, банктік деректемелері, заңды мекенжайы;

тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, мөрмен (бар болса) және есепті бекітетін адамның қор қоюымен расталады;

жалпы ақпарат және объектінің сипаттамасы;

2) есептеу бөлігі:

амортизациялық тозуды есептеу;

3) тозуды ескере отырып, ауыстырылатын бөлшектердің құнын көрсету, қалпына келтіру жұмыстарының көлемі мен құнын көрсету, материалдардың құнын көрсету, қалпына келтіру үшін жөндеудің қорытынды құнын көрсету;

4) есепке қосымшалар мыналарды қамтиды:

МБҚ-да жасалған калькуляцияны;

объектінің суретін;

калькуляция жасау үшін бастапқы деректер: есеп жүргізуге арналған өтініш, қарап-тексеру актісі, олардың негізінде есеп жасалған өзге де құжаттар.

2. Құнның жиынтық шамасы Қазақстан Республикасының валютасында (теңгемен) көрсетіледі және жақшаның ішінде соманың жазбаша талдамасы бар, теңгеге дейін дөңгелектенген цифр түрінде көрсетіледі.

3. Зиянның мөлшері туралы есепті сақтандыру ұйымының басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам бекітеді.

4. Есеп қандай да бір өзгерістер енгізуге мүмкіндік бермейтін форматта, қағаз немесе электронды түрде жасалады және пайда алушыға ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
сақтандыру нарығын реттеу
және дамыту мәселелері
бойынша өзгерістер және
толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
4-қосымша

Сақтандыру ұйымдары,
Қазақстан Республикасының
бейрезиденттер-сақтандыру
(қайта сақтандыру)
ұйымдарының филиалдары,
сақтандыру омбудсманы,
дерекқор қалыптастыру және
жүргізу жөніндегі ұйым

таратылған жағдайда,
 қызметі мәжбүрлеп
 тоқтатылатын сақтандыру
 ұйымының, сақтандыру
 брокерінің,
 Қазақстан Республикасының
 бейрезидент-сақтандыру
 (қайта сақтандыру)
 ұйымы филиалының,
 Қазақстан Республикасының
 бейрезидент-сақтандыру брокері
 филиалының, сақтанушыларға
 (сақтандырылушыларға, пайда
 алушыларға) сақтандыру
 төлемдерін жүзеге асыруға
 кепілдік беретін ұйымның
 интернет-ресурсында ақпарат
 орналастыру қағидаларына
 қосымша

Сақтандыру нарығының қатысушылары интернет-ресурста орналастыратын ақпараттың тізбесі

№	Ақпарат атауы	Ақпарат орналастыру (жаңарту) кезеңділігі	Ақпарат орналастыру мерзімі	Ақпарат мазмұны
Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының интернет-ресурсында орналастырылатын ақпарат				
1.	Осы ұйымның, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктерінің толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген, қайта тіркеуді талап ететін құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, олардың филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің (болған кезде) толық атауы, орналасқан жері, қаланың (облыстың, ауданның) кодтарын көрсете отырып, байланыс телефондарының, факстарының (болған кезде) нөмірлері, жұмыс режимі

2.	Акционерлер туралы мәліметтер	Акционерлер құрамының өзгеруіне қарай	Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді-көшірме алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне сәйкес акционерлер туралы мәліметтер: жеке тұлға үшін – оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының (орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде); заңды тұлға үшін – оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының (орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері
3.	Басшы қызметкерлер туралы мәліметтер	Басшы қызметкерлер құрамының өзгеруіне қарай	Олар басқа қызметке тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде	Басшы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), атқаратын лауазымы және басқа қызметке тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күні
			Заңды тұлға мемлекеттік	Сақтандыру ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын

4.	Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	тіркелген (қайта тіркелген) және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы және (немесе) сақтандыру ұйымының филиалын және (немесе) өкілдігін (болған кезде) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалар (*pdf форматтағы құжаттар)
5.	Лицензияның нөмірі, берілген күні туралы мәліметтер	Лицензияны алуға (қайта ресімдеуге) қарай	Лицензия берілген (қайта ресімделген) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы (*pdf форматтағы құжат)
6.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Қызметті жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру өнімдерінің және Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы жүзеге асыратын қызметтің рұқсат етілген қосымша түрлерінің тізбесі
7.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есептік 3 (үш) жылға жылдық қаржылық есептілік	Жыл сайын	Бірмезгілде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан	Аудиторлық ұйым растаған, жылдық қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және

			кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар)
8.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есептік 3 (үш) жылға жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік (болған кезде)	Жыл сайын	Бірмезгілде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	Еншілес ұйым (ұйымдар) болған кезде аудиторлық ұйым растаған, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар)
9.	Алдыңғы есептік 3 (үш) жылдағы қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	Бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін және оның аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматындағы құжат)
10.	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру)	Кіруіне қарай		Қауымдастық (одақ) нысанында құрылған, бірлестіктің толық

	<p>ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бірлестіктеріне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)</p>		<p>Кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде</p>	<p>атауы, орналасқан жері және оған кірген күні</p>
11.	<p>Сақтандыру ұйымына рейтингтік агенттіктер берген рейтингтер (берген жағдайда)</p>	<p>Рейтингтің берілуіне, жаңартылуына қарай</p>	<p>Рейтингтік агенттік рейтинг беру туралы рейтингтік агенттіктің сайтында жариялаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде</p>	<p>Рейтингтік агенттіктердің толық атауы, берілген рейтингтер және рейтинг берілген күні не рейтингтік агенттік мониторингінің қорытындысы бойынша рейтингті қайта қарау күні</p>
12.	<p>Құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) пулдары туралы мәліметтер (сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қызметінде жетекші болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы үшін)</p>	<p>Сақтандыру пулының құрылуына, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне қарай</p>	<p>Сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының бірлескен қызметі туралы шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде</p>	<p>Мыналар: сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылардың бірлескен қызметі туралы шарттың нөмірі және жасалған күні, қолданыс мерзімі; сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылардың толық атауы; сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қызметінде жетекші болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру брокерінің толық атауы; сақтандыру сыныптарын (түрлерін) және</p>

				сақтандыру (қайта сақтандыру) пулы қызметінің мәні болып табылатын сақтандыру тәуекелдерінің тізбесі қамтылған мәліметтер
13.	Олар бойынша олардың алдыңғы редакцияларын, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды көру мүмкіндігімен сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу мүмкіндігі көзделетін, ерікті нысандағы сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қағидалары	Жаңартылуына қарай	Бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Нөмірін және бекіту күнін көрсете отырып, сақтандыру ұйымының директорлар кеңесі және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті басқару органы бекіткен белгілі бір сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қағидалары және олардың алдыңғы редакциялары (*pdf форматтағы құжаттар)
14.	Сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру тарифтерінің сақтандыру сыйлықақыларының, жарналарының)	(Өзірленуіне жаңартылуына) қарай	(Қаржы өнімін бекіткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4204 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы № 85 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру)

	мөлшері туралы ақпарат			ұйымдары филиалдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулыққа сәйкес сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру тарифтерінің (сақтандыру сыйлықақыларының, жарналарының) мөлшері туралы ақпарат
15.	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бекіткен сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру агенттерінің комиссиялық сыйақысының ең төменгі және ең жоғарғы мөлшері туралы ақпарат	Жаңартылуына қарай	Бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бекіткен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қызметін жүзеге асыратын сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру агенттерінің комиссиялық сыйақысының ең төмен және ең жоғары мөлшері
Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының интернет-ресурсында орналастырылатын ақпарат				
1.	Осы ұйымның, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктерінің толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген, қайта тіркеу талап етілетін құрылтай құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген күннен	Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы, оның филиалдары мен өкілдіктерінің (болған кезде) толық атауы, орналасқан жері, қаланың (облыстың, ауданның) кодын көрсете отырып

			бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	байланыс телефондарының (факстарының (болған кезде) нөмірлері
2.	Акционерлер қатысушылар) туралы мәліметтер	(Акционерлер қатысушылар) құрамының өзгеруіне қарай	(Бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотынан үзінді-көшірме немесе серіктестікке қатысушылардың тізілімімен үзінді-көшірме алған күннен бастап не заңды тұлға мемлекеттік тіркелген және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген, қайта тіркеу талап етілетін құрылтай құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне не жарғысына немесе серіктестікке қатысушылардың тізіліміне сәйкес акционер (қатысушылар) туралы мәліметтер: жеке тұлға үшін – оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының (орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде); заңды тұлға үшін – оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының (орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері
3.	Б а с ш ы қызметкерлер туралы мәліметтер	Б а с ш ы қызметкерлер құрамының өзгеруіне қарай	Олар басқа қызметке тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған	Б а с ш ы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), атқаратын лауазымы және басқа қызметке тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар

			күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде	берілген) немесе ауыстырылған күні
4.	Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру брокерін, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы және (немесе) сақтандыру брокерінің филиалын және (немесе) өкілдігін (болған кезде) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалар (*pdf форматтағы құжаттар)
5.	Лицензияның нөмірі, берілген күні туралы мәліметтер	Лицензия алуға (қайта ресімдеуге) қарай	Лицензия берілген (қайта ресімделген) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы (*pdf форматтағы құжат)
6.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Қызметті жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Брокерлік қызметтің түрлері: өз атынан және сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет; өз атынан және қайта сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет; сақтандыру брокері, Қазақстан

				Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын рұқсат етілген қызметтің қосымша түрлері
7.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есептік 3 (үш) жылға жылдық қаржылық есептілік	Жыл сайын	Бірмезгілде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	Аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар)
8.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есептік 3 (үш) жылға жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік (болған кезде)	Жыл сайын	Бірмезгілде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	Еншілес ұйым (ұйымдар) болған кезде аудиторлық ұйым растаған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар)
	Алдыңғы есептік 3 (үш) жылдағы		Бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында	Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының қызметін және оның

9.	қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
10.	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерлері филиалдарының бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)	Кіруіне қарай	Кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қауымдастық (одақ) нысанында құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан жері және оған кірген күні
	Шарттың нөмірі мен жасалған күнін, сақтандырушының атауын, сақтандыру объектісін және шартты жасасу нысанасы болып табылатын тәуекелдер тізбесін, оның қолданылу	Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының		Мыналар: сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының нөмірі және жасалған күні; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан

11.	кезеңін және шарт бойынша сақтандыру сомасын қоса алғанда, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың қолданыстағы шарты туралы мәліметтер	бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасауға, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қарай	Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының толық атауы; сақтандыру объектісі және тәуекелдер тізбесі; сақтандыру брокерімен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалымен сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасауға байланысты тәуекелдерге қатысты сақтандыру сомасы; сақтандыру шартының қолданылу мерзімі қамтылған мәліметтер
-----	---	---	--	---

Сақтандыру ұйымдары таратылғанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында орналастыратын ақпарат

1.	Толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жанартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мәжбүрлеп таратылғанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік
----	---	--------------------	---	---

				беретін ұйымның толық атауы, орналасқан жері, қаланың коды көрсетілген байланыс телефондарының, факстарының нөмірлері (болған кезде), жұмыс режимі
2.	Акционерлер туралы мәліметтер	Акционерлер құрамының өзгеруіне қарай	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шотынан үзінді-көшірмені алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне сәйкес акционерлер туралы мәліметтер (заңды тұлғаға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің (орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) бағалы қағаздар санына пайызбен арақатынасы көрсетілген оның толық атауы және тұрған жері)
3.	Басшы қызметкерлер туралы мәліметтер	Басшы қызметкерлер құрамының өзгеруіне қарай	Олар басқа лауазымға тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде	Басшы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), атқаратын лауазымы және басқа лауазымға тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күні
			Заңды тұлға мемлекеттік	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мәжбүрлеп таратылғанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметі мәжбүрлеп

4.	Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	тоқтатылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (* pdf форматтағы құжат)
5.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Қызметті жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес кепілдік берілетін сақтандыру түрлерінің және (немесе) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылатын қызметтің өзге түрлерінің тізбесі
6.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есепті 3 (үш) жыл ішіндегі жылдық қаржылық есептілік	Жыл сайын	Бірмезгілде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	Аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар);
				Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мәжбүрлеп таратылғанда, Қазақстан

7.	Алдыңғы есепті 3 (үш) жыл ішіндегі қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	Бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметі мәжбүрлеп тоқтатылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайдалушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметін және оның аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
8.	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерлері филиалдарының бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)	Кіруіне қарай	Бірлестікке кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қауымдастық (одақ) нысанында құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан жері және оған кірген күні
				Мыналар:

9.	Қатысушы - сақтандыру ұйымдары туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу шартына қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу шартының негізінде сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушылар болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының толық атауы; Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу шартын жасасу күні және нөмірі қамтылған мәліметтер
----	--	--------------------	---	---

Сақтандыру омбудсманының интернет-ресурсында орналастырылатын ақпарат

1.	Сақтандыру омбудсманы офисінің, оның ішінде оның филиалдары мен өкілдіктерінің толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген, қайта тіркеуді талап ететін құрылтайшылық құжаттарға енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру омбудсманының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), тұрған жері, қаланың (облыстың, ауданның) коды көрсетілген байланыс телефондарының, факстарының нөмірлері (болған кезде), сақтандыру омбудсманы офисінің, оның филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің (болған кезде) жұмыс режимі
2.	Сақтандыру омбудсманын сайлау туралы мәліметтер	Сайлануына (қайта сайлануына, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуына) қарай	Сайланған (қайта сайланған, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын	Уәкілетті органның сақтандыру омбудсманын сайлау (қайта сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату) туралы шешім қабылдау

			тоқтатқан) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	күні және сақтандыру омбудсманы өкілеттігінің мерзімі
3.	Сақтандыру (қайта сақтандыру) омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіретін сақтандыру ұйымдарының тізбесі	Өкілдер кеңесі құрамының өзгеруіне қарай	Өкілдер кеңесінің құрамы құрылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіретін сақтандыру ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының толық атауы
4.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Сайланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Міндетті және ерікті сақтандыру мәселелері бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары арасында; сақтандыру шарттары бойынша сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар) және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары арасында туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі

				қызмет туралы мәліметтер
5.	Сақтандыру омбудсманының қызметін, оның ішінде дауларды шешу жөніндегі өтініштерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібі мен мерзімдерін регламенттейтін ішкі қағидалар, сондай-ақ сақтандыру нарығына қатысушылармен жасалған меморандумдар	Жаңартылуына қарай	Бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру омбудсманының қызметін регламенттейтін ішкі қағидалар және сақтандыру нарығына қатысушылармен жасалған меморандумдар (* pdf форматтағы құжаттар)
6.	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерлері филиалдарының бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)	Кіруіне қарай	Кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қауымдастық (одақ) нысанында құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан жері және оған кірген күні
7.	Алдыңғы есепті 3 (үш) жыл ішіндегі қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	Бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан	Сақтандыру омбудсманының қызметін және оның аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге

			кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналасатын ақпарат				
1.	Толық атауы, мекенжайы, (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның толық атауы, орналасқан жері, қаланың коды көрсетілген байланыс телефондарының, факстарының нөмірлері (болған кезде), жұмыс режимі
2.	Акционерлер қатысушылар) туралы мәліметтер	Акционерлер қатысушылар) құрамының өзгеруіне қарай	(Акті шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне сәйкес акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер (заңды тұлғаға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздар (орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасы көрсетілген, оның толық атауы мен орналасқан жері)
3.	Басшылар туралы мәліметтер	Басшылар құрамының өзгеруіне қарай	Тағайындалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), атқаратын лауазымының атауы , директорлар кеңесінің басшы лауазымына тағайындау туралы шешім шығарған күні және оның нөмірі
4.	Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (* pdf форматтағы құжат)

5.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жанартылуына қарай	Қызметті жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	<p>Мыналар: Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің негізінде міндетті және ерікті сақтандыру түрлері бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызмет; Сақтандыру агенттерінің бірыңғай тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет; Сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасау үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымдарының интернет-ресурстарының тізбесі қамтылған мәліметтер</p>
6.	Алдыңғы есепті 3 (үш) жыл ішіндегі қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	Бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметін және оның аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның			

7.	ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерлері филиалдарының бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)	Кіруіне қарай	Кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қауымдастық (одақ) нысанында құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан жері және оған кірген күні
----	---	---------------	--	---